

## Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 27 қарашада N 319 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 26 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5063 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 30 наурыздағы N 91 Бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.03.30 N 91 Бұйрығымен.**

"Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 558 қаулысының 2-тармағын іске асыру мақсатында, "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2 тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және өзге мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустерден шығатын ресми құжаттарға апостиль қою мемлекеттік қызмет көрсетудің с т а н д а р т ы ;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің с т а н д а р т ы ;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес сабақтас құқықтар объектілері мен туындыларын пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес авторлық құқық және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықты мемлекеттік тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілдерді аттестаттау және тіркеу, Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілін тіркеу туралы куәлікті беру мемлекеттік қызмет көрсетудің с т а н д а р т ы ;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтауға алу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) құжаттарын рәсімдеу, діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуге (қайта тіркеуге) құжаттарын ресімдеу, филиалдар мен өкілдіктердің ережелеріне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес уәкілетті органдары азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы мұрағаттық анықтама беру мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.02.12 N 14 Бұйрығымен.**

2. Тіркеу қызметі, Діни және Зияткерлік меншік құқығы комитеттерінің басшылары көрсетілген стандарттарды Комитеттер жұмысына енгізуді қамтамасыз етсін.

3. Тіркеу қызметі, Діни және Зияткерлік меншік құқығы комитеттерінің басшылары көрсетілген стандарттарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін және веб-сайттарда орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жауапты хатшысы А.С. Кенжехановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т                                      м и н и с т р і н і ң

2 0 0 7                                      ж ы л ғ ы                                      2 7                                      қ а р а ш а д а ғ ы

N                      3 1 9                                      б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

**Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандарты**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Апостиль - құжатқа қол қойған адамның қолының түпнұсқалығын және оның өкілеттіктерін растауды, сондай-ақ осы құжат бекітілген мөрдің немесе мөртаңбаның түпнұсқалылығын растайтын арнайы мөртаңба. Апостильді қою Гаага конвенциясына қатысушы елдердің аумағында қолдануға арналған апостиленетін құжаттардың түпнұсқалылығы мен дұрыс ресімделінуіне кепілдікті қамтамасыз ету болып табылады.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасының Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының, "Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын конвенция (Гаага, 1961 жылғы 5 қазан) ережелерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі N 545 қаулысының, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1536 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою тәртібі мен шарттары туралы бірыңғай қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 4 маусымдағы N 67 бұйрығының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) апостильдеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі мен облыстардағы және Алматы қаласы әділет департаменттері көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет Министрлік үйі ғимаратында, облыстар мен Алматы қаласы әділет департаменттерінің ғимараттарында көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетуді аяқтау нысаны болып апостильденген құжаттарды беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушыларға) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет келесі мерзімдерде көрсетіледі:

Комитет басшылары бекіткен кесте бойынша құжаттар күн бойы қабылданады және беріледі. Тиісті құжаттарды қосымша тексеру қажет болған жағдайда құжаттарды беру мерзімі 15 күнге дейін ұзартылады.

8. Ресми құжаттарға апостиль қою үшін айлық есеп көрсеткіштен (бұдан әрі - АЕК) 20 % көлемінде мемлекеттік баж төленеді.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Интернет сайтында ([www.minjust.kz](http://www.minjust.kz)),

сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 1 қосымшасында байланыс деректері көрсетілген облыстар мен Алматы қаласы әділет департаменттерінің ғимараттарында орналасқан.

10. Мемлекеттік қызмет күн сайын сенбі мен жексенбіден басқа күндері көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау сағат 9.00-ден 11.00-ге дейін, құжаттарды беру сағат 17.00-ден 19.00-ге дейін жүргізіледі. Алдын ала жазылу және қызметтерді жедел ресімдеу жүргізілмейді.

11. Қызмет Министрліктер үйі ғимаратында Қазақстан Республикасы Комитеттің апостильдеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінде және өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша облыстар мен Алматы қаласы әділет департаменттерінің ғимараттарында көрсетіледі.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Құжаттарды ресми апостильдеу үшін жеке куәлік немесе паспорт, апостильдеу үшін мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртек, сондай-ақ өтініш беруші өзі келе алмаса, өтініш беруші тұлғаларға уәкілеттік беретін нотариалдық сенімхат ұсынылу қажет.

Заңды тұлғалардың өкілдері үшін - заңда белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхат.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін бланкілерді толтыру, өтініш талап етілмейді.

14. Құжаттарды қабылдау апостильдеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің қызметкерлерінің және облыстар мен Алматы қаласы әділет департаменттері қызметкерлерінің жеке кабинеттерінде қабылданады.

15. Тұтынушылардың апостильдеу үшін ұсынған құжаттары апостиль қою үшін ұсынылған құжаттарды тіркеу кітабында тіркеледі.

16. Құжаттарды беру Комитет Басшылары бекіткен кесте бойынша жүргізіледі. Құжаттарды беруге апостильдеуге уәкілеттік берілген қызметкерлер жауапты.

Мемлекеттік қызметтің нәтижесін алу үшін тұтынушылардың жеке немесе олардың сенім берілген тұлғалары келуі талап етіледі.

17. Құжаттарда (түзеулер, тазартулар және басқа) қателер болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады. Егер осындай қателіктер анықталған жағдайда апостильдеуге уәкілеттік берілген қызметкерлер бір жұмыс күні ішінде өтініш иесіне құжаттарды қайтарып береді.

## **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Уәкілетті органдардың жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік парызды орындау барысында заңдылықты сақтау;
- 3) с ы п а й ы л ы қ ;
- 4) толымды және толық ақпарат беру;
- 5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

#### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін апостильдеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі мен облыстар мен Алматы қаласы әділет департаменттерінің жұмыстары бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын Комитеттің арнайы құрған жұмыс тобы бекітеді.

#### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Қажет болған жағдайда уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) Комитет басшысына шағымдануға болады.

Егер тұтынушы қабылданған шараларға қанағаттанбаса немесе мәселе жоғары сатыда қарауды талап етсе, тұтынушы шағымды жазбаша не электронды түрде шағымын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдай алады.

22. Шағым пошта арқылы немесе Комитет кеңсесі арқылы жеке қолмен 1002 бөлмеде және облыстар мен Алматы қаласы әділет департаменттерінде жұмыс күндері қабылданады.

23. Комитет кеңсесіне және облыстар мен Алматы қаласы әділет департаменттеріне келіп түскен шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс.

#### **6. Байланыс ақпараты**

24. Басшылардың жұмыс мен қабылдау кестесі Әділет министрлігінің жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсететін Комитеттің апостильдеу бөлімінің және облыстар мен Алматы қаласы әділет департаменттерінің байланыс деректері осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1 қосымша

**Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні**

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіш-тің нормативтік мәні	Көрсеткіш-тің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіш-тің есептік жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. Уақытылығы</b>			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді ұсыну оқиғалары % (үлесі)	95%	80%	
1.2. қызмет алу үшін кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	
<b>2. Сапа</b>			
2.1. қызмет көрсетулерді ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	70%	
2.2. құжаттар дұрыс ресімделген жағдайлары (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	95%	85%	
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. қызмет көрсетулерді ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	80%	60%	
3.2. тұтынушылар құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80%	45%	
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызмет көрсетулердің, ақпараттардың % (үлесі)	50%	40%	
<b>4. Шағымдану процесі</b>			
4.1. қызмет көрсетудің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санымен негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,3%	

4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізді шағымдардың % (үлесі)	85%	75%	
4.3. шағымданудың тәртібімен қолданыстағы қанағаттандырылған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	60%	
4.4. шағымдану мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	60%	
<b>5. Сыпайылық</b>			
5.1. қызметкерлердің сыпайы-лығына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	90%	70%	

Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 2 қосымша

**Мемлекеттік қызметті көрсететін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті апостильдеу бөлімінің және Әділет департаменттерінің байланыс деректері:**

р/с N	Әділет департамент-терінің атауы	Мекен-жайы	Байланыс телефондары
1.	ТҚК апостильдеу бөлімі	Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Министрліктер үйі, 13 кіреберіс, 967 бөлме	8 (7172) 740612
2.	Алматы қаласы	050008, Алматы қ., Байзақов көшесі, 287 А	2878(7272) 426582, 777545
3.	Ақмола облысы	020000, Көкшетау қаласы М. Горький көшесі, 37	8 (7162) 258163, 252459
4.	Алматы облысы	Талдықорған қаласы, Қобылыса жырау көшесі, 69 "А"	8 (7282) 210815, 212518
5.	Ақтөбе облысы	Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы, 51 "А"	8 (7132) 562787, 540865
6.	Атырау облысы	Атырау қаласы Азаттық көшесі, 140	8 (7122) 354426, 465312
7.	Шығыс Қазақстан облысы	Өскемен қаласы Ворошилов көшесі, 6	8 (7232) 478717, 473127
8.	Жамбыл облысы	Тараз қаласы, Достық алаңы, Әділет үйі	8 (7262) 430503, 435620

9.	Батыс Қазақстан облысы	Орал қаласы, Достық даңғылы, 208	8 (7112) 519043, 511085
10.	Қарағанды облысы	Қарағанды қаласы, Прогресс көшесі, 1	8 (7212) 420539, 420533
11.	Қостанай облысы	Қостанай қаласы, Таран көшесі, 38	8 (7142) 547803, 546261
12.	Қызылорда облысы	Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29	8 (7242) 261130, 239367
13.	Маңғыстау облысы	Ақтау қаласы, шағын аудан, 11 үй	14 8 (7292) 433375, 433168
14.	Павлодар облысы	Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 18	8 (7182) 328167, 325383
15.	Солтүстік Қазақстан облысы	Петропавл қаласы, Конституция көш., 72	8 (7152) 332635, 332380
16.	Оңтүстік Қазақстан облысы	Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 16	8 (7252) 232376, 232482

## Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң  
2007 жылғы «27» қарашадағы  
№ N 319 б ұ й р ы ғ ы н а  
2-қосымша

### **Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарты**

(Өзгеге ерекше құқық беру шарттарын тіркеу, Қорғау құжаттарын алуға құқық беру туралы келісім-шарттарды тіркеу және ішінара беру туралы шартты тіркеу)

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу - ерекше құқықты беру туралы шарт бойынша қорғау құжатын немесе өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру фактілерін мемлекеттің тануы мен растау және тіркелген беру шарттарын тізілімге енгізу рәсімі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1000, 1029-баптарына (Ерекше бөлімі), "Патент заңы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 6-тармағына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 1, 2, 3-тармақтарына,»"Интегралдық микросхемалар



топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18, 19, 20-баптарына, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық кесімдерді тіркеу тізілімінде N 4648 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрағасының 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 58-н.қ. бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті (бұдан әрі - Комитет) және «Ұлттық зияткерлік меншік институты» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - сараптама жасау ұйымы) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, Комитеттің веб-сайты: [www.intellkaz.kz](http://www.intellkaz.kz) және Сараптама жасау ұйымы: [www.kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны беру шартын тіркеу туралы шешім болып табылады.

6. Патент иеленуші алған қорғау құжатын кез келген жеке немесе заңды тұлғаларға бере алады.

7. Мемлекеттік қызмет келесі мерзімдерде көрсетіледі:

Құжаттар ұсынылған соң сараптама жасау ұйымы өтініш келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде сараптама жасау ұйымы келіп түскен құжаттарға алдын ала сараптама жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың бар болуы және оларға қойылған талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінішке қоса берілетін шарт материалдарында сараптаманы жүргізу төлемін растайтын құжаттың болмағанда, өтініш берушіге алдын ала төлем есебі беріледі. Бұл ретте көрсетілген мерзімдер сараптама жасау ұйымына төлемнің келіп түскен күнінен бастап есептелінеді.

Шарттың қарауға қабылданған материалдарына бір ай мерзім ішінде олардың мәні бойынша сараптама жүргізіледі, соның барысында шарт материалдарына Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес талдау жүргізіледі.

Құжаттарды рәсімдеу талаптарын бұзған жағдайда немесе шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ осы кемшіліктерді жоюға болатын негіздер (соған қатысты шарт жасалатын патентке арналған ерекше құқықтың қолданылуының тоқтауы; күште қалуына төлемдер жүргізілмеген және төлемнің жеңілдік мерзіміндегі қорғау құжаттары (6 айдан аспағанда); Қазақстан Республикасының

заңнамаларында көзделген негіздердің, сондай-ақ соған қатысты шарт жасалатын ерекше құқықтан қалыс қалуға кедергі келтіретін, бұрын жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің болуы; шартта Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің болуы) болғанда, өтініш берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде жоқ немесе түзетілген құжаттарды беруге немесе қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге ұсынысы бар сауал жіберіледі.

Егер сараптама жүргізу барысында кейбір мәселелер бойынша қорытынды талап етілсе, онда бұл жағдайда мәні бойынша сараптама жүргізудің мерзімі қорытынды берілген күннен бастап есептелінеді. Сауал жіберілген күннен бастап он бес күн аралығындағы мерзім ішінде қызмет қорытындысы беріледі.

8. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 499-1-бабына сәйкес, өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға байланысты басқаға беру, кепіл шарттарын, лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркегені үшін, айлық есептік көрсеткіштен 150 % көлемінде мемлекеттік баж салығы алынады. Қараныз K080000099

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Интернет сайтында ([www.minjust.kz](http://www.minjust.kz)), және де осы стандарттың 2 қосымшасындағы байланыс деректер бойынша білуге болады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету сенбі және жексенбі күндерін есептемегенде, күн сайын көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау сағат 9-00 ден 19-00-ге дейін жүзеге асырылады, түскі үзіліс сағат 13.00-ден-15.00 дейін. Алдын ала жазылу жүргізілмейді.

11. Келушілер үшін күту залы көзделмеген.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Сараптама жасау ұйымына беру шартын тіркеу үшін белгіленген нысан бойынша өтініш беріледі.

Өтінішке қосымша:

беру шартының түпнұсқасы мұқаба бетімен төрт данада. Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбасымен бекітіледі, оған тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедерлемесі мен екі тараптың уәкілетті етілген тұлғаларының немесе өтініш берушінің қолдары қойылады. Шарттың әрбір парағы екі тараптың уәкілетті өкілдерімен қол қойылуы керек.

Беру шартының орнына шарттардың нотариалдық куәландырылған

көшірмелері немесе құқықты беру фактісін қамтып көрсететін шарттан алынған нотариалды куәландырылған үзінді беріле алынады;  
мұрагерлік құқығын немесе құқықтық мирасқорлығын растайтын құжаттың  
к ө ш і р м е с і ;

өтінішті патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда,  
с е н і м х а т ;

белгіленген мөлшерде тиісті төлемді растайтын құжат;  
қорғау құжаты иесінің басқару органының немесе шарттарды бекіту және  
оған атқарушы орган басшысының қолын қою құзырлығын беру жөніндегі  
құрылтайшылар немесе акционерлердің ерекше құқығының жалпы  
жиналысының шешімі қоса беріледі.

Қорғау құжаттарды алу құқығын өзгеге беру шарттарды тіркеу туралы өтініш  
белгіленген нысан бойынша беріледі.

Ө т і н і ш к е :

қорғау құжаттың алуға құқығын өзгеге беру шартының түпнұсқасы екі  
тарапымен қол қойылған, бар қосымша келісім мұқаба бетімен төрт данада.  
Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбасымен бекітіледі, оған тігілген және  
нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедерлемесі мен екі  
тараптың уәкілетті етілген тұлғаларының немесе өтініш берушінің қолдары  
қойылады. Шарттың әрбір парағы екі тараптың уәкілетті өкілдерімен қол  
қ о й ы л у ы к е р е к .

Беру шарттардың түпнұсқасы орнына олардың нотариалды куәландырылған  
к ө ш і р м е с і ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н ;

мұрагерлік құқығын немесе құқықтық мирасқорлығы құқығын растайтын -  
қ ұ ж а т к ө ш і р м е с і ;

өтінішті патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда -  
с е н і м х а т ;

белгіленген мөлшерде тиісті төлемді растайтын құжат.

Ерекше құқықтарын ішінара басқаға беру шарттарды тіркеу туралы өтініш  
белгіленген нысан бойынша беріледі.

Ө т і н і ш к е :

ерекше құқықтарын ішінара басқаға беру шартының түпнұсқасы екі  
тарапымен қол қойылған, бар қосымша келісім мұқаба бетімен төрт данада.  
Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбасымен бекітіледі, оған тігілген және  
нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедерлемесі мен екі  
тараптың уәкілетті етілген тұлғаларының немесе өтініш берушінің қолдары  
қойылады. Шарттың әрбір парағы екі тараптың уәкілетті өкілдерімен қол  
қ о й ы л у ы к е р е к .

Беру шарттарының түпнұсқасының орнына олардың нотариалдық

куәландырылған көшірмесі ұсынылуы мүмкін.  
мұрагерлік құқығын немесе құқықтық мирасқорлығы құқығын растайтын -  
қ ұ ж а т к ө ш і р м е с і ;

өтінішті патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда -  
с е н і м х а т ;

белгіленген мөлшерде тиісті төлемді растайтын құжат;  
ерекше құқықты ішінара беру туралы шартты жасасу мәселелері бойынша  
қорғау құжаты иесінің басқару органының немесе құрылтайшылар немесе  
акционерлер жалпы отырысының шешімі.

13. Ерекше құқықты беру шарттарын тіркеу туралы өтінімдердің белгіленген  
нысандарын Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, В-блогы  
Сараптама жасау ұйымы мекен-жайы бойынша ұсынылады.

14. Құжаттар (өтініштер мен басқа да құжаттар) қабылдауды сараптама жасау  
ұйымының қызметкерлері жүзеге асырады.

15. Өтініш берушіге оның құжаттарын қабылдағандығы жөнінде (өтініш пен  
басқа да құжаттар) құжат берілмейді.

16. Тіркелген өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға ерекше құқықты  
беру туралы шарттар иелеріне жеке беріледі немесе тапсырыстық почта  
жөнелтілімі арқылы жіберіледі.

17. Шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ бұл кедергілерді жоюға болатын  
н е г і з д е р :

соған қатысты шарт жасалатын патентке арналған ерекше құқықтың  
қ о л д а н ы л у ы н ы ң т о қ т а у ы ;

күште қалуына төлемдер жүргізілмеген және төлемнің жеңілдік мерзіміндегі  
қорғау құжаттары (6 айдан аспағанда);

Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген негіздердің,  
сондай-ақ соған қатысты шарт жасалатын ерекше құқықтан қалыс қалуға кедергі  
келтіретін, бұрын жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің болуы  
;

шартта Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Қазақстан  
Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің  
б о л у ы б о л ы п т а б ы л а д ы ;

Шартты тіркеуден бас тарту негіздемелері:

соған қатысты шарт жасалатын алдын ала патентке, инновациялық патент  
немесе тауар таңбасына ерекше құқықтың қолданылуының тоқтауы;

қызмет көрсету таңбасы, тауар таңбасына ерекше құқықтарын басқаға  
берумен байланысты тауар және оны шығарушысына қатысты тұтынушыны  
жаңылыстыруы мүмкін болған жағдай;

ұсынысқа уақытылы жауап бермеген жағдай;

жауапта барлық қажетті мәліметтер мен құжаттардың жоқтығы болып табылады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Уәкілетті органдардың жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік парызды орындау барысында заңдылықты сақтау;
- 3) с ы п а й ы л ы қ ;
- 4) толымды және толық ақпарат беру;
- 5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа көрсеткіштерінің мақсаты мен қолжетімділігін, Комитет арнайы құратын жұмыс тобы жыл сайын бекітеді.

### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігін) шағымдану қажет болған жағдайда тұтынушы Комитет басшысына шағымдана а л а д ы .

Егер тұтынушы қолданған шараларға қанағаттанбаса немесе қарастырылып отырған мәселе жоғарғы жақтың қарауын талап етсе, тұтынушы жазбаша немесе электронды түрде шағымын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдай алады.

22. Жұмыс күндерінде шағымдар жазбаша түрде почта арқылы немесе тікелей Комитеттің кеңсесінде қабылданады.

23. Комитетке келіп түскен шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім мен тәртіпте қаралады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдауға, тіркеуге, есепке алуға және қарауға жатады.

### **6. Байланыс ақпараты**

24. Жұмыс және Комитет басшылығының қабылдау кестесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсететін Комитеттің байланыс ақпараттары осы Стандартқа 2-қосымшада көрсетілген.

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1-қосымша

**Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні**

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіш-тің нормативтік мәні	Көрсеткіш-тің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіш-тің есептік жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. Уақытылығы</b>			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап мерзімде қызмет көрсетуді ұсыну оқиғалары % (үлесі)	95%	80%	
1.2. қызмет алу үшін кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	-	-	
<b>2. Сапа</b>			
2.1. қызметті ұсыну сапасына үдерісінің қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	70%	
2.2. құжаттарды тұлға дұрыс жағдайдың % (үлесі) лауазымды ресімдеген	95%	85%	
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	80%	60%	
3.2. тұтынушы дұрыс толтырған және бірінші тапсырған оқиғалардың % (үлесі) құжаттарды және бірінші	80%	45%	
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметінің а қ п а р а т ы % (үлесі)	50%	40%	
<b>4. Шағымдану процесі</b>			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,3%	
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандыр-			

ылған негізді шағымдардың % (үлесі)	85%	75%	
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	60%	
4.4. шағымдану мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	60%	
<b>5. Сыпайылық</b>			
5.1. қызметкерлердің сыпайы-лығына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	90%	70%	

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 2-қосымша

### **Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің байланыс ақпараттары**

р/с N	Комитеттің басшы-лығы	Кабинет нөмірі	Байланыс телефондары	Қабылдау уақыты
1	Комитет төрағасы	1013	(7172) 74-07-50	Сәрсенбі 16.00-ден 18.00-ге дейін; бейсенбі 10.00-ден 12.00-ге дейін
2	Комитет төрағасының орынбасары	939	(7172) 74-06-18	Сәрсенбі 10.00-ден 12.00-ге дейін; жұма 15.00-ден 17.00-ге дейін
3	Басқарма бастығы	943	(7172) 74-06-69	сейсенбі 10.00-ден 12.00-ге дейін; сәрсенбі 15.00-ден 17.00-ге дейін
4	Тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына, тауарлардың шыққан жерлерінің атауларына, өнеркәсіп үлгілеріне құқықтарды қорғау бөлімінің бастығы	943	(7172) 74-06-21	сейсенбі 10.00-ден 12.00-ге дейін; сәрсенбі 15.00-ден 17.00-ге дейін
5	Тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына, тауарлардың шыққан жерлерінің атауларына, өнеркәсіп	946	(7172) 74-06-67	сейсенбі 10.00-ден 12.00-ге дейін; сәрсенбі сағат

үлгілеріне құқықтарды бөлімінің маманы	қорғау		15.00-ден дейін	17.00-ге
--	--------	--	--------------------	----------

Қ а з а қ с т а н                                        Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т                                        м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 7                                        ж ы л ғ ы                                        2 7                                        қ а р а ш а д а ғ ы  
№ N                                        3 1 9                                        б ұ й р ы ғ ы н а  
3 - қ о с ы м ш а

**Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын  
туындыларға туындыларды мемлекеттік тіркеу бойынша  
мемлекеттік қызмет көрсету стандарты 1. Жалпы ереже**

1. Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу - мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бере отырып, уәкілетті органда ресми тізілімдерде авторлық құқықты мемлекеттік тіркеу.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1988 болып тіркелген "Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі N 146 бұйрығының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті көрсетеді (бұдан әрі - Комитет).

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орын: Астана қаласы, Министрліктер үйі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет барлық жеке тұлғаларға көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет келесі мерзімдерде көрсетіледі:

Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді немесе оларды тіркеуден бас тартуды Комитет автордан (авторлардан) немесе құқық иеленушіден (құқық иеленушілерден) өтініш түскен күннен бастап бір ай мерзімде жүзеге асырады.

Комитет өтініште көрсетілген растайтын деректері бар қосымша құжаттарды талап еткен жағдайда, тіркеу мерзімі оларды алғанға дейін тоқтатылады.



Қажетті құжаттарды өткізген жағдайда барынша жол берілген кезекте күту у а қ ы т ы 1 0 м и н у т т а н а с п а й д ы .

Құжаттар жеке тұлғалардан тек пошта арқылы алынады.

8. Қызмет ақылы, мемлекеттік тіркегені үшін алымды төлеу және бюджетке енгізу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі. Туындыларға және сабақтас құқықтар объектілеріне құқықты мемлекеттік тіркеу үшін алым төленетін күні қолданыста жүрген алым бойынша үш айлық есептік көрсеткішті құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Интернет сайтында ([www.minjust.kz](http://www.minjust.kz)), Зияткерлік меншік құқығы комитетінің сайтында: [www.intellkaz.kz](http://www.intellkaz.kz) және "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК сайтында [www.kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz) орналасқан.

10. Мемлекеттік қызмет күн сайын сенбі мен жексенбіден басқа күндері көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жүзеге асырылады. Үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін. Алдын ала жазылу және қызметтерді жедел ресімдеу жүргізілмейді.

11. Қызмет Әділет министрлігінің ғимаратында, Зияткерлік меншік құқығы комитетінде көрсетіледі, сондай-ақ құжаттарды пошта арқылы қабылдау көзделген.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Мемлекеттік тіркеу автордың (құқық иеленушінің) немесе авторлардың (құқық иеленушілердің) өтініші негізінде тегі, аты-жөні, төлқұжат деректері, туындының атауы, күні, айы және туындының жасалған күні, нысаны немесе жанры, оның түпнұсқалық дәрежесі (түпнұсқалық немесе туынды) міндетті түрде көрсетіліп жүзеге асырылады. Егер шығарма туынды болса, пайдаланылған туынды авторының (құқық иеленушінің) тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет, егер өтінішті туындыға құқық иесі берген болса, қосымша оның тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжат деректері, тұратын жері немесе оның атауы, орналасқан ж е р і к ө р с е т і л е д і .

Әдеби, ғылыми, драмалық, сценарий туындыларына құқықтарды тіркеу к е з і н д е :

ө т і н і ш ;

т у ы н д ы н ы ң д а н а с ы ;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындыларға және музыкалық-драмалық туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде:

ө т і н і ш ;

туынды жазылған тасушы, туындының мәтіні, ноталары немесе партитурасы;

өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Мәтіні бар музыкалық туындыға құқықтарды тіркеу кезінде оның мәтінін

ұ с ы н у қ а ж е т .

Тең авторлардың жеке жасаған музыкалық туындыларына берілетін құқықтар жеке де, сондай-ақ бірге де тіркелуі мүмкін.

Хореография, пантомима, дыбыстау-бейнелеу туындыларын құқықтарды ті р к е у к е з і н д е :

ө т і н і ш ;

туынды жазылған тасушы;

туынды сипаттамасы (атауы, шығарылған күні және т.б.);

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Сәулет, қала құрылысы, кескіндеме, мүсіндеме, графика, сондай-ақ басқа да бейнелеу, бау-саябақ және сәндік-қолданбалы өнер туындыларына құқықтарды ті р к е у к е з і н д е :

ө т і н і ш ;

туындының нобайлары, сызбалары, суреттері, безендірулері немесе туындының суретке түсіру түріндегі бейнесі;

туындының егжей-тегжейлі сипаттамасы;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Фотосурет туындылары және фотосуретке ұқсас әдістермен жасалған туындыларға, сондай-ақ карталарға, жоспарларға, нобайларға, безендірулерге және географияға, топографияға және басқа да ғылымдарға жататын үш өлшемді туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде:

ө т і н і ш ;

т у ы н д ы н ы ң д а н а с ы ;

өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Электронды есептеуіш мәшинеге (бұдан әрі - ЭЕМ) арналған бағдарламаларға, дерек қорларға құқықтарды тіркеу кезінде:

ө т і н і ш ;

ЭЕМ-ге арналған бағдарлама немесе дерек қорлар бар тасушы (дискета және т . б . ) ;

ЭЕМ-ге арналған бағдарламасының немесе дерекқордың, деректер базасының атауын, өтініш берушінің атауын (тегі, аты, әкесінің аты), жасалған күнін,

қолдану саласын, мақсатын, қызмет мүмкіндігін, негізгі техникалық сипаттамаларын, бағдарламалау тілін, іске асыратын ЭЕМ-ның түрін және т.б. қамтитын ЭЕМ-ге арналған бағдарламасының немесе дерекқордың рефераты; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Құрамына бірнеше бағдарлама енген (бағдарламалық кешендер) ЭЕМ-ға арналған бағдарламалар толық тіркелуі тиіс. Фонограммаларға құқықтарды тіркеу кезінде: ө т і н і ш ;

орындаушы мен автор арасындағы авторлық шарттың көшірмесі; фонограмма жазылған тасушы; фонограмманың сипаттамасы (атауы, шығарылған күні, дыбысталу уақыты, фонограмманың мазмұны және т.б.); жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Эфирлік және кабельдік хабарларды тарату тіркелгенде ұйымдарының хабар тарату құқықтары : ө т і н і ш ; туындының сценарийі;

туынды авторымен туындыны пайдалануға ерекше құқықтарды беру туралы жасалған шарттың көшірмесі; жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, заңды тұлға үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын құжат ұсынылады.

Қызмет бабында міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалған қызметтік туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде, тіркеу үшін ұсынылатын құжаттардан басқа, қызметтік туындыны пайдалануға мүлкітік құқықтардың иелікте болуы туралы автор мен жұмыс берушінің арасындағы шарттың көшірмесін ұсыну қажет.

Құрамдас және туынды шығармаларға құқықтарды тіркеген жағдайда автормен (авторлармен) немесе құқық иесімен (құқық иеленушілермен) жасасқан авторлық шарттың көшірмесі ұсынылады.

Құжаттарды сенімді тұлға арқылы ұсыну кезінде: заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған, автор қол қойған, сенімхатты ;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қосымша ұсыну қажет.

Тіркеуге ұсынылатын материалдар нөмірленуі, тігілуі және әр бетіне автордың (құқық иеленушінің) қолы қойылуы қажет.

Комитетке ұсынылған материалдар (сонымен бірге тіркеуден бас тартылған материалдар), құқықтарды тіркеуге берген өтінім берушінің оларды қайтару туралы жазбаша өтініші болған жағдайды есептемегенде, қайтарылмайды.

Қажет болған жағдайда Комитет өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін. Мұндайда көрсетілген мәліметтердің растығына өтініш беруші жауап береді.

Комитет мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жоғалған, бүлінген немесе басқа да дәлелді себептер болған жағдайда, оның телнұсқасын автордың (авторлардың) немесе құқық иесінің (құқық иеленушілердің) өтініші бойынша он жұмыс күні ішінде беруі мүмкін. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің телнұсқасын берген үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген алым алынады.

13. Белгіленген нысан бойынша өтініш Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, А блогы, N 1014 кабинетінде ұсынылады.

14. Құжаттар (өтініштер мен басқа да құжаттар) қабылдауды Комитеттің кеңсе қызметкерлері жүзеге асырады.

15. Растайтын құжаттарды өтініш иесіне беру көзделмеген.

16. Дайын құжаттар пошта арқылы жіберіледі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың не тоқтатуға негіз 12-тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынбау, сондай-ақ белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі болып табылады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Уәкілетті органдардың жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік парызды орындау барысында заңдылықты сақтау;

3) с ы п а й ы л ы қ ;

4) толымды және толық ақпарат беру;

5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа көрсеткіштерінің мақсаты мен қолжетімділігін, Комитет арнайы құратын жұмыс тобы жыл сайын бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Комитеттің туындыларға құқықты тіркеу, аумақтық органдармен өзара іс-қимыл бөлімінің бастығынан алуға болады. Мекен-жайы: Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, 10 қабат, N 1015 кабинеті.

22. Қажет болған жағдайда уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) Комитет басшылығына шағымдануға болады.

Егер тұтынушы қабылданған шараларға қанағаттанбаса немесе мәселе жоғары сатыда қарауды талап етсе, тұтынушы шағымды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жазбаша жібере алады.

23. Комитетке келіп түскен шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады. Өтініш ұсынғанын растайтын құжат берілмейді.

Заңнамада белгіленген тәртіпте берілген өтініштер міндетті түрде қабылдауға, тіркеуге, есепке алуға және қарауға жатады. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

## 6. Байланыс ақпараты

24. Басшылардың жұмысы мен қабылдау кестесі Әділет министрлігінің жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсететін Комитеттің байланыс деректері осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету

стандартына 1-қосымша

### Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіш-тің нормативтік мәні	Көрсеткіш-тің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіш-тің есептік жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. Уақытылығы</b>			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді ұсыну оқиғалары % (үлесі)	95%	80%	
1.2. қызмет алу үшін кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	

<b>2. Сапа</b>						
2.1.	қызмет процесінің таңған (үлесі)	көрсетулерді сапасына тұтынушылардың	ұсыну қанағаттанушылардың %	90%	70%	
2.2.	құжаттар жағдайлары төлемдер, және т.б.) % (үлесі)	дұрыс есеп	ресімделген (жүргізілген айырысулар	95%	85%	
<b>3. Қол жетімділік</b>						
3.1.	қызмет тәртібі ақпаратқа тұтынушылардың % (үлесі)	көрсетулерді сапаға қанағаттанған	ұсыну және қанағаттанған	80%	60%	
3.2.	тұтынушылар бірінші тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	құжаттарды дұрыс толтырған және		80%	45%	
3.3.	Интернет арқылы көрсетулердің, ақпараттардың % (үлесі)	қол жетімді қызмет		50%	40%	
<b>4. Шағымдану процесі</b>						
4.1.	қызмет түрі бойынша саныммен тұтынушылардың % (үлесі)	көрсетудің қызметі негізделген	осы көрсетілген жалпы шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,3%	
4.2.	қаралған және негізді (үлесі)	белгіленген және негізді шағымдардың	мерзімде қанағаттандырылған шағымдардың %	85%	75%	
4.3.	шағымданудың тәртібімен қанағаттандырылған (үлесі)	қолданыстағы тұтынушылардың %		95%	60%	
4.4.	шағымдану мерзімімен тұтынушылардың % (үлесі)	қанағаттанған		90%	60%	
<b>5. Сыпайылық</b>						
5.1.	қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)			90%	70%	

Авторлық құқықпен және сабақтас құқықтармен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**  
**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы**  
**комитетінің байланыс деректері**

р/с N	Жауапты тұлға	Кабинет нөмері	Байланыс телефондары	Қабылдау уақыты
1	Комитет төрағасы	1013	(7172) 74-07-50	С ә р с е н б і 16.00-ден 18.00-ге дейін; б е й с е н б і 10.00-ден 12.00-ге дейін
2	Жетекшілік ететін Комитет төрағасы- ның орынбасары	1011	(7172) 74-07-49	с е й с е н б і 10.00-ден 12.00-ге дейін
3	Жетекшілік ететін Комитеттің б а с қ а р - ма бастығы	1009	(7172) 74-07-52	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.
4	Туындыларға құқық- ты тіркеу, аумақ- тық әділет орган- дармен өзара іс- қимыл бөлімінің бастығы	1014	(7172) 74-07-73	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.
5	Туындыларға құқық- ты тіркеу, аумақ- тық әділет орган- дармен өзара іс- қимыл бөлімінің маманы	945	(7172) 74-07-53	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.
6	Кеңсе	1015	(7172) 74-07-54	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 7 қ а р а ш а д а ғ ы  
№ N 3 1 9 б ұ й р ы ғ ы н а  
4-қосымша

**Туындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға  
лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу бойынша мемлекеттік  
қызмет көрсету стандарты 1. Жалпы ережелер**

1. Туындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу - лицензиялық шарттардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу және мемлекеттік тіркеу куәлігін беру.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет»"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті (бұдан әрі - Комитет) көрсетеді.

Қызмет Министрліктер үйі, 10 қабат, N 1015, 9 қабат N 946 кабинеттерде көрсетіледі

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны мемлекеттік тіркеу куәлігін беру мен авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы лицензиялық шарттардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне енгізу болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі.

7. Лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеуді немесе оларды тіркеуден бас тартуды Комитет өтініш иесінен өтініш келіп түскен күннен бастап жиырма күн мерзімде жүргізеді.

Комитет өтініште көрсетілген растайтын деректері бар қосымша құжаттарды талап еткен жағдайда, тіркеу мерзімі оларды алғанға дейін тоқтатылады.

Жеке және заң тұлғалары құжаттарды алуы пошта арқылы немесе кеңсе арқылы қолына беру көзделген.

8. Қызмет ақылы, мемлекеттік тіркегені үшін алым төленетін күні қолданыста жүрген алым бойынша екі айлық есептік көрсеткішті құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Интернет сайтында ([www.minjust.kz](http://www.minjust.kz)), Зияткерлік меншік құқығы комитетінің сайтында: [www.intellkaz.kz](http://www.intellkaz.kz) және»" Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК сайтында [www.kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz) орналасқан.

10. Мемлекеттік қызмет күн сайын сенбі мен жексенбіден басқа күндері көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жүзеге асырылады. Үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.

Алдын ала жазылу және қызметтерді жедел ресімдеу жүргізілмейді.



11. Қызмет Министрліктер үйінің ғимаратында Комитетте көрсетіледі, құжаттарды қабылдау кеңсе қызметкерлерімен жүргізіледі. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында мемлекеттік қызмет көрсету үшін тапсырылған құжаттар пакетін қарайтын қызметкердің кабинетіне қоршау тағанымен оқшауланған. Сондай-ақ құжаттарды пошта арқылы қабылдау көзделген.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу үшін Комитетке:  
ө т і н і ш ;  
лицензиялық шарттың түпнұсқасы және көшірмесі;  
заңды тұлға үшін - заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;  
жеке тұлға үшін - заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған жеке куәліктің және жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу куәлігінің көшірмесі;  
лицензиат пайдаланатын авторлық құқық және сабақтас құқықтар атауларының тізілімі және лицензиялық шарттағы мәліметтерді растайтын өзге де құ ж а т т а р ;  
эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдары үшін - бұқаралық ақпарат құралды есепке қою куәлігінің, телевизия және (немесе) радио арқылы хабар таратуды ұйымдастыру жөнінде мемлекеттік лицензияның заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері;  
тіркеген үшін алым төленгенін растайтын құжат тапсырылады.

13. Белгіленген нысан бойынша өтініш Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, А блогы, N 1014 кабинетіне ұсынылады.

14. Құжаттар (өтініштер мен басқа да құжаттар) қабылдауды Комитеттің кеңсе қызметкерлері жүзеге асырады.

15. Растайтын құжаттарды өтініш иесіне беру көзделмеген.

16. Жеке және заң тұлғаларға дайын құжаттар пошта арқылы беріледі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуден лицензиялық шарттарды тіркеу үшін қажетті толық құжаттар пакетін тапсырмаған жағдайда бас тартылады.

## **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Уәкілетті органдардың жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік парызды орындау барысында заңдылықты сақтау;

- 3 ) с ы п а й ы л ы қ ;  
4) толымды және толық ақпарат беру;  
5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

#### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа көрсеткіштерінің мақсаты мен қолжетімділігін, Комитет арнайы құратын жұмыс тобы жыл сайын бекітеді.

#### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Шағымдану тәртібі туралы қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің туындыларға құқықты тіркеу, аумақтық органдармен өзара іс-қимыл бөлімінің бастығынан алуға болады.

22. Шағым пошта арқылы не қолға беру арқылы Комитеттің кеңсесі арқылы жазбаша түрде қабылданады, 10 қабат, N 1014 кабинеті.

23. Комитетке келіп түскен шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады. Шағымның қаралу барысы туралы ақпаратқа жауапты кеңседен не (7172) 740754 телефонына хабарласып алуға болады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдауға, тіркеуге, есепке алуға және қарауға жатады. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

#### **6. Байланыс ақпараты**

24. Басшылардың жұмысы мен қабылдау кестесі Әділет министрлігінің жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсететін Комитет басшылары мен орындаушылардың байланыс деректері осы стандарттың 2-қосымшасында келтірілген.

Туындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық

шарттарды мемлекеттік тіркеу бойынша  
мемлекеттік тіркеу қызмет көрсету  
стандартына 1-қосымша

**Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні**

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіш- тің норма- тивтік мәні	Көрсеткіш- тің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіш- тің есеп- тік жылда- ғы ағымда- ғы мәні
<b>1. Уақытылығы</b>			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді ұсыну оқиғалары % (үлесі)	95%	80%	
1.2. қызмет алу үшін кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	
<b>2. Сапа</b>			
2.1. қызмет көрсетулерді ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	70%	
2.2. құжаттар дұрыс ресімделген жағдайлары (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	95%	85%	
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. қызмет көрсетулерді ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	80%	60%	
3.2. тұтынушылар құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80%	45%	
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызмет көрсетулердің, ақпараттардың % (үлесі)	50%	40%	
<b>4. Шағымдану процесі</b>			
4.1. қызмет көрсетудің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санымен негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,3%	
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізді шағымдардың % (үлесі)	85%	75%	
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібімен қанағаттандырылған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	60%	
4.4. шағымдану мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	60%	

<b>5. Сьпайылық</b>			
5.1.	қызметкерлердің қанағаттанған	сыпайы-тұты-	90%
	лылығына	тұты-	70%
	нушылар % (үлесі)		

Туындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеу бойынша мемлекеттік тіркеу қызмет көрсету стандартына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**  
**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік**  
**құқығы комитетінің байланыс деректері**

р/с N	Жауапты тұлға	Кабинет нөмері	Байланыс телефондары	Қабылдау уақыты
1	Комитет төрағасы	1013	(7172) 74-07-50	С ә р с е н б і 16.00-ден 18.00-ге дейін; б е й с е н б і 10.00-ден 12.00-ге дейін
2	Жетекшілік ететін Комитет төрағасы- ның орынбасары	1011	(7172) 74-07-49	с е й с е н б і 10.00-ден 12.00-ге дейін
3	Жетекшілік ететін Комитеттің б а с қ а р - ма бастығы	1009	(7172) 74-07-52	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.
4	Туындыларға құқық- ты тіркеу, аумақ- тық әділет орган- дармен өзара іс- қимыл бөлімінің бастығы	1014	(7172) 74-07-73	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.
5	Туындыларға құқық- ты тіркеу, аумақ- тық әділет орган- дармен өзара іс- қимыл бөлімінің маманы	945	(7172) 74-07-53	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.

6	Кеңсе	1015	(7172) 74-07-54	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.
---	-------	------	-----------------	---

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 7

қ а р а ш а д а ғ ы

№ N

3 1 9

б ұ й р ы ғ ы н а

5-қосымша

**Өнеркәсіптік меншік объектілеріне лицензиялық,  
сублицензиялық шарттарды тіркеу бойынша мемлекеттік  
қызмет көрсету стандарты 1. Жалпы ереже**

1. Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу - лицензиялық, сублицензиялық шарттар бойынша өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану құқығын беру фактілерін мемлекеттің тануы мен растау және тіркелген лицензиялық шарттарды, сублицензиялық шарттарды тізілімге енгізу рәсімі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 79, 299-326, 896-909, 1001, 1031-баптарына, "Патент заңы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-4 тармақтарына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 2, 3 тармақтарына, Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18, 19, 20-баптарына, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық кесімдерді тіркеу тізілімінде N 4647 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрағасының 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 57-н.к. бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті (бұдан әрі - Комитет) және»"Ұлттық

зияткерлік меншік институты" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - сараптама жасау ұйымы) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, Комитеттің веб-сайты: [www.intellkaz.kz](http://www.intellkaz.kz) және сараптама жасау ұйымының: [www.kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу туралы шешім болып табылады.

6. Патент иеленуші рұқсатымен лицензиялық шарттың негізінде патент иесі болып табылмайтын кез-келген тұлға қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалана алады.

7. Лицензиялық шарт пен сублицензиялық шарт соған қатысты шарт жасалатын өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқық күшінде болатын мерзім ішіндегі кез келген уақытта жасалуы мүмкін.

Сараптама жасау ұйымы құжаттар тізбесі ұсынылған соң: өтініш келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күн ішінде келіп түскен құжаттарға алдын ала сараптама жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың бар болуы және оларға қойылған талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінішке қоса берілетін шарт материалдарында сараптаманы жүргізу төлемін растайтын құжат болмаған жағдайында, өтініш берушіге төлем есебі беріледі. Бұл ретте аталған мерзімдер сараптама жасау ұйымына төлемнің келіп түскен күнінен бастап есептеледі.

Келісім-шарттың қарауға қабылданған материалдарына бір ай мерзім ішінде олардың мәні бойынша сараптама жүргізіледі, соның барысында шарт құжаттарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес з е р т т е у жү р г і з і л е д і .

Құжаттарды рәсімдеу талаптарын бұзған жағдайда немесе шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ осы кемшіліктерді жоюға болатын негіздер (соған қатысты шарт жасалатын патентке арналған ерекше құқықтың қолданылуының тоқтауы; күште қалуына төлемдер жүргізілмеген және төлемнің жеңілдік мерзіміндегі қорғау құжаттары (6 айдан аспағанда); Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген негіздердің, өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға арналған лицензия беруге кедергі келтіретін, бұрын жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің болуы; шартта Қазақстан Республикаларының заңнамаларына және Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің болуы) болған жағдайында, өтініш берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды беруге немесе қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге ұсынысы бар сұраным жіберіледі. Бұл ретте сараптаманың мәні бойынша жүргізілетін мерзімдер жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды

өткізген күннен бастап есептеледі.

Егер сараптама жүргізу барысында, сараптама жасау ұйымының бөлімінен жеке мәселелер бойынша қорытынды алу қажеттілігі туындаған жағдайда сараптама жасау мерзімі қорытындыны ұсыну күнінен есептеледі. Қорытындыны ұсыну мерзімі сауал түскен күннен он бес күнді құрайды.

8. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 499-1-бабына сәйкес, өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға байланысты басқаға беру, кепіл шарттарын, лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркегені үшін, айлық есептік көрсеткіштен 150 % көлемінде мемлекеттік баж салығы алынады. Қараныз K080000099

9. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы толық ақпарат осы стандарттың 4-тармағында көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету сенбі және жексенбі күндерді қоспағанда, күн сайын ұсынылады. Құжаттарды қабылдау сағат 9-00-ден 19-00-дейін, түскі асқа үзіліс уақыты сағат 13.00-ден-15.00 дейін жүзеге асырылады. Алдын ала жазылу жүргізілмейді.

11. Келушілер үшін күту залы көзделмеген.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Лицензиялық шарт пен сублицензиялық шартты тіркеу үшін сараптама жасау ұйымына белгіленген нысандар бойынша өтініш ұсынылады. Өтініш бір шартқа ғана тиісті болу қажет.

Өтінішке шарттың титулдық парақпен жабдықталған төрт дана түпнұсқалары қосылады. Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбасымен бекітіледі, оған тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедерлемесі мен екі тараптың уәкілетті етілген тұлғаларының немесе өтініш берушінің қолдары қойылады. Шарттың әрбір парағы екі тараптың уәкілетті өкілдерімен қол қойылуы керек. Сараптама жасау ұйымына құжаттарды тіркеуге тапсыру келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Шарт түпнұсқаларының орнына шарттың нотариалдық куәландырылған көшірмелері ұсынылу мүмкін;

мұрагерлік құқығын немесе құқықтық мирасқорлығын растайтын құжаттың көшірмесі;

өтінішті патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда - сенімхат;

тарифке сәйкес белгіленген мөлшерде тиісті төлемнің жүргізілгенін

р а с т а й т ы н

қ ұ ж а т ;

шарттарды бекіту және оған лицензиар (сублицензиар) атқарушы орган басшысының қолын қою құзырлығын беру мәселесі жөніндегі лицензиар (сублицензиар) (құрылтайшылар немесе акционерлердің жалпы жиналысы) басқару органының шешімі қоса беріледі;

13. Лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу туралы өтінімдердің белгіленген нысандарын мына мекен-жайлар бойынша алуға болады: Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, В блогы.

14. Құжаттар қабылдауды сараптама жасау ұйымының қызметкерлерімен Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, В блогы мекен-жайы бойынша жүзеге асырады.

15. Өтініш берушіге оның құжаттарын қабылдағандығы жөнінде құжат берілмейді.

16. Тіркелген өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға лицензиялық, сублицензиялық шарттар иелеріне жеке беріледі немесе тапсырмалы почта арқылы жіберіледі.

17. Шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ бұл кедергілерді жоюға болатын негіздер :

соған қатысты шарт жасалатын патентке арналған ерекше құқықтың қолданылуының тоқтауы ;

күште қалуына төлемдер жүргізілмеген және төлемнің жеңілдік мерзіміндегі қорғау құжаттары (6 айдан аспағанда);

Қазақстан Республикасы заңнамаларында көзделген негіздердің, өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға арналған лицензия беруге кедергі келтіретін, бұрын жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің болуы;

шартта Қазақстан Республикаларының заңнамаларына және Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің болуы ;

Шарттарды тіркеуден бас тарту негіздемелері:

соған қатысты шарт жасалатын алдын ала патентке, инновациялық патент немесе тауар таңбасына ерекше құқықтың қолданылуының тоқтауы;

сұрауға өз мезгілінде жауап бермеуі;

жауапта барлық қажетті мәліметтер мен құжаттардың жоқтығы;

лицензиялық шартта лицензияттың сублицензиялық шартты тіркеуге өкілеттілігінің жоқтығы және уәкілетті органда тіркелген лицензиялық шарттың жоқтығы.

### **3. Жұмыс қағидаттары**



18. Уәкілетті органдардың жұмысы келесі принциптермен негізделеді:  
адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;  
қызметтік парызды орындау барысында заңдылықты сақтау;  
с ы п а й ы л ы қ ;  
толымды және толық ақпарат беру;  
ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

#### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа көрсеткіштерінің мақсаты мен қолжетімділігін, Комитет арнайы құратын жұмыс тобы жыл сайын бекітеді.

#### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігін) шағымдану қажет болған жағдайда тұтынушы Комитет басшысына хабарласа а л а д ы .

Егер тұтынушы қолданған шараларға қанағаттанбаса немесе қарастырылып отырған мәселе жоғарғы жақтың қарауын талап етсе, тұтынушы жазбаша немесе электронды түрде шағымын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдай алады.

22. Жұмыс күндерінде шағымдар жазбаша түрде почта арқылы немесе тікелей Комитеттің кеңсесінде қабылданады.

23. Комитетке келіп түскен шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен қаралады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдауға, тіркеуге, есепке алуға және қарауға жатады.

#### **6. Байланыс ақпараты**

24. Жұмыс және Комитет басшылығының қабылдау кестесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсететін Комитеттің байланыс ақпараттары осы Стандартқа 2-қосымшада көрсетілген.

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне  
лицензиялық, сублицензиялық

ш а р т т а р д ы                    т і р к е у                    б о й ы н ш а  
 м е м л е к е т т і к                    қ ы з м е т                    к ө р с е т у  
 с т а н д а р т ы н а 1-қ о с ы м ш а

**Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні**

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіш-тің нормативтік мәні	Көрсеткіш-тің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіш-тің есепті жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. Уақытылығы</b>			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғалары % (үлесі)	95%	80%	
1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	-	-	
<b>2. Сапа</b>			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	70%	
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың % (үлесі)	95%	85%	
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	80%	60%	
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80%	45%	
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	50%	40%	
<b>4. Шағымдану үдерісі</b>			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1 %	0,3 %	
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	85%	75%	
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	60%	
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	60%	
<b>5. Сыпайылық</b>			

5.1.	қызметкерлердің ғына қанағаттанған лардың % (үлесі)	сыпайылы- тұтынушы-	90%	70%	
------	---	------------------------	-----	-----	--

Өнеркәсіптік меншік объектілеріне  
лицензиялық, сублицензиялық  
шарттарды тіркеу бойынша  
мемлекеттік қызмет көрсету  
стандартына 2-қосымша

## Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің байланыс ақпараттары

р/с N	Комитеттің басшылығы	Кабинет номері	Байланыс телефондары	Қабылдау уақыты
1	Комитет төрағасы	1013	(7172) 74-07-50	Сәрсенбі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін; бейсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін
2	Комитет төрағасының орынбасары	939	(7172) 74-06-18	Сәрсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін; жұма сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін
3	Басқарма бастығы	943	(7172) 74-06-69	сейсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін; сәрсенбі сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін
4	Тауар таңбаларына, қызмет көрсету таң- баларына, тауарлар- ды шыққан жерлері- нің атауларына, 943 өнеркәсіп үлгілері- не құқықтарды қор- ғау бөлімінің бас- тығы	943	(7172) 74-06-21	сейсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін; сәрсенбі сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін
5	Тауар таңбаларына, қызмет көрсету таң- баларына, тауарлар- ды шыққан жерлері- нің атауларына, 946 өнеркәсіп үлгілері- не құқықтарды қор-	946	(7172) 74-06-67	сейсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін;

ғау маманы	бөлімінің	сәрсенбі 15.00-ден дейін	сағат 17.00-ге
---------------	-----------	--------------------------------	-------------------

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 7 қ а р а ш а д а ғ ы  
N 3 1 9 б ұ й р ы ғ ы н а  
6-қосымша

**Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдерін  
аттестаттау және тіркеу, Қазақстан Республикасының патенттік сенім  
білдірілген өкілін тіркеу туралы куәлікті беру бойынша мемлекеттік қызмет  
көрсету стандарты**

**1. Жалпы ереже**

1. Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдерін аттестаттау - кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасы патенттік сенім білдірілген өкілдерінің кәсіби дайындық деңгейін анықтау рәсімі.

Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдерін тіркеу - Қазақстан Республикасы патенттік сенім білдірілген өкілдері тізіліміне мәліметтерді енгізу рәсімі (бұдан әрі - Тізілім).

Біліктілік емтихан - Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіліне кандидаттың тапсыратын біліктілік емтиханы.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет "Патент заңы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына, "Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілдерді аттестаттау және тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық кесімдерді тіркеу тізілімінде N 2040 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2002 жылғы 4 қарашадағы N 188 бұйрығына және "Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілдеріне қойылатын біліктілік талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық кесімдерді тіркеу тізілімінде N 2039 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік

меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2002 жылғы 4 қарашадағы N 187 (бұдан әрі - Біліктілік талаптары) бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті (бұдан әрі - Комитет) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, Комитеттің веб-сайты: [www.intellkaz.kz](http://www.intellkaz.kz) және Сараптама жасау ұйымы: [www.kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz).

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілін тіркеу туралы куәлікті беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет біліктілік талаптарына сай келетін Қазақстан Республикасының азаматтарына көрсетіледі.

7. Патенттік сенім білдірілген өкілдеріне біліктілік емтиханын жүргізуді, аттестаттауды және тіркеуді Комитет жүзеге асырады. Комитет біліктілік емтиханын, аттестациялауды және тіркеуді жүзеге асыру үшін Аттестаттау және Апелляциялық комиссияларды құрады. Аттестаттау комиссиясы өзінің отырыстарын қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізеді.

Кандидатқа біліктілік емтиханның немесе аттестаттаудың өтетін орны, күні және уақыты туралы оны өткізуге дейін кемінде он күнтізбелі күн бұрын х а б а р л а н а д ы .

Біліктілік емтиханы Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіліне кандидаттардан өтінімдердің түсуіне қарай жылына кемінде бір рет ө т к і з і л е д і .

Біліктілік емтиханын тапсыра алмаған немесе аттестаттаудан өтпеген кандидат, Аттестаттау комиссиясына кемінде алты айдан кейін біліктілік емтиханына немесе аттестациялауға жіберу туралы қайта өтініш беруге құқылы.

Патенттік сенім білдірілген өкілдер кәсіптік даярлық деңгейін анықтау мақсатында әр бес жыл өткеннен кейін аттестаттаудан өтеді, бұл ретте аттестаттау көрсетілген мерзімнен кейін алты айдан кешікпей өткізілуі тиіс.

8. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 499-1-бабына сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін - айлық есептік көрсеткіштен 150%, ал патенттік сенім білдірілген өкілдерді тіркеу туралы куәлік бергені үшін - айлық есептік көрсеткіштен 100% көлемінде мемлекеттік баж салығы алынады.  
Қараныз K080000099

9. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы толық ақпарат осы Стандарттың 4-тармағында көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету, сенбі және жексенбі күндерін есептемегенде , күн сайын ұсынылады. Құжаттарды қабылдау сағат 9-00-ден 19-00-ге дейін,

түскі үзіліс сағат 13.00-ден-15.00 дейін жүзеге асырылады. Алдын ала жазылу жүргізілмейді.

11. Мемлекеттік қызмет Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі мекен-жайында орналасқан Комитет ғимаратында және Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, В-блогы мекен-жайы бойынша "Ұлттық зияткерлік меншік құқығы" РМҚК сараптама жасау ұйымы ғимаратында көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Талапкер Аттестаттау комиссиясына оны аттестаттауға немесе біліктілік емтиханына жіберу туралы өтінішін жібереді. Өтініш мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Өтінішке мынадай құжаттар:  
жеке іс парақ және фотосурет;  
соңғы жұмыс орнынан мінездеме;  
жоғары білімі туралы дипломының нотариалдық куәландырылған көшірмесі;  
еңбек кітапшасының немесе зияткерлік меншік құқығы саласындағы жұмыс тәжірибесін дәлелдейтін жеке еңбек шартының не қабылдау немесе қызметтен босату туралы бұйрықтан алынған, нотариалдық куәландырылған көшірмесі;  
жеке куәліктің немесе Қазақстан Республикасы азаматы паспортының көшірмесі;  
патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат;  
кандидаттың қалауы бойынша, оның біліктілігін сипаттайтын басқа да құжаттар қоса берілуі тиіс.

13. Талапкер Аттестаттау комиссиясын оны аттестаттауға немесе біліктілік емтихандарына жіберу туралы өтінішті Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі, Комитеттің аттестаттау комиссиясының мекен-жайына жолдайды.

14. Құжаттарды қабылдау Комитет төрағасының бұйрығымен құрылатын Аттестаттау комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады.

15. Өтініш берушіге оның құжаттарын қабылдағандығын растайтын құжат берілмейді.

16. Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілін тіркеу туралы куәлігі патенттік сенім білдірілген өкілге жеке беріледі немесе тапсырыстық почта жөнелтілімі арқылы жіберіледі.

17. Патенттік сенім өкілдің қызметі Аттестаттау комиссиясының шешімімен: Патенттік сенім білдірілген өкілдің Аттестаттау комиссиясына берілген өтініші негізінде;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатын тұлғаларға, олардың ішінде Комитет және оған бағынысты ұйымдардың қызметкерлеріне жатқызу мерзіміне тоқтатыла тұрады;

Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметінің тоқтатылуы немесе қайта басталуы туралы мәліметтер тиісті шешім қабылданғаннан кейін бір ай ішінде  
Т і з і л і м д е ж а р и я л а н а д ы .

Патенттік сенім білдірілген өкіл Аттестаттау комиссиясының шешімімен:  
өзінің Аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;  
Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасы аумағынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;  
патенттік сенім білдірілген өкіл өз міндеттерін алақол орындаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын өрескел бұзған жағдайда;  
патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде үш жылдан астам  
ү з і л і с б о л ғ а н ж а ғ д а й д а ;  
патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сотталып, соттың айыптау шешімі күшіне енген кезде;  
патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп танылған жағдайда;  
патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған жағдайда;  
аттестаттаудан өтпеген жағдайда Тізілімнен алынып тасталады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Уәкілетті органдардың жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік парызы орындау барысында заңдылықты сақтау;
- 3) с ы п а й ы л ы қ ;
- 4) толымды және толық ақпарат беру;
- 5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа көрсеткіштерінің мақсаты мен қолжетімділігін, Комитет арнайы құратын жұмыс тобы жыл сайын бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігін) шағымдану қажет болған жағдайда тұтынушы Комитет жетекшісіне хабарласа алады.

Егер тұтынушы қолданған шараларға қанағаттанбаса немесе қарастырылып отырған мәселе жоғарғы жақтың қарауын талап етсе, тұтынушы жазбаша немесе электронды түрде шағымын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдай алады.

22. Жұмыс күндерінде шағымдар жазбаша түрде почта арқылы немесе тікелей Комитеттің кеңсесінде қабылданады.

23. Апелляциялық комиссия өтініш берушілердің өтініштерін мына мекен-жай бойынша қарайды: Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі.

## 6. Байланыс ақпараты

24. Жұмыс және Комитет басшылығының қабылдау кестесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсететін Комитеттің байланыс ақпараттары осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген.

Қазақстан Республикасының  
патенттік сенімді өкілдерді  
аттестаттау және тіркеу,  
Қазақстан Республикасының  
патенттік сенімді өкілін  
тіркеу туралы куәлікті беру  
бойынша Мемлекеттік қызмет  
көрсету Стандартына 1 қосымша

## Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. Уақытылығы</b>			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап тапсырған мерзімде қызметті ұсыну оқиғалары % (үлесі)	95%	80%	



1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	-	-	
<b>2. Сапа</b>			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	70%	
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың % (үлесі)	95%	85%	
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	80%	60%	
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80%	45%	
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	50%	40%	
<b>4. Шағымдану үдерісі</b>			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1 %	0,3 %	
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	85%	75%	
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	60%	
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	60%	
<b>5. Сыпайылық</b>			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	70%	

Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілдерді аттестаттау және тіркеу, Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілін тіркеу туралы куәлікті беру

## Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің байланыс ақпараттары

р/с N	Комитеттің басшылығы	Кабинет нет номері	Байланыс телефон - дары	Қабылдау уақыты
1	Комитет төрағасы	1013	(7172) 74-07-50	Сәрсенбі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін; бейсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін
2	Комитет төрағасының орынбасары	939	(7172) 74-06-18	Сәрсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін; жұма сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін
3	Аттестациялық комиссияның төрағасы	939	(7172) 74-06-18	Сәрсенбі сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін; жұма сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін

Қазақстан

Республикасы

Әділет

министрінің

2007

жылғы

27

қарашадағы

N 319

бұйрығына

7-қосымша

### Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтау, қолжазбаларын сақтауға тапсыру туралы анықтама беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Уәкілетті органның жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын, сондай-ақ туынды шығармалардың (аудармалар, өңдеулер, аннотациялар, рефераттар, түйіндемелер, шолулар және ғылыми, әдеби және өнер туындыларының басқа да өңдеулері), сондай-ақ жинақтардың (энциклопедиялар, антологиялар, дерекқорлар) және материалдарды іріктеп алу және (немесе) орналасуы бойынша шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылатын басқа да құрамдас туындылардың қолжазбаларын сақтауы.

Уәкілетті орган жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын автор мен авторлардың өтініші негізінде қабылдайды және сақтайды.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті (бұдан әрі - Комитет) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орны: Астана қаласы, Сол жағалау, "Министрліктер үйі", А блогы, 1014 кабинеті.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын сақтауға тапсыру туралы анықтама болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет барлық жеке тұлғаларға көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет 15 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Қажетті құжаттарды өткізген жағдайда барынша жол берілген кезекте күту у а қ ы т ы 2 0 м и н у т т а н а с п а й д ы .

Құжаттарды беру тек пошта арқылы жүзеге асырылады.

8. Қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Интернет сайтында ([www.minjust.kz](http://www.minjust.kz)), Комитеттің сайтында: [www.intellkaz.kz](http://www.intellkaz.kz) және "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК сайтында [www.kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz) орналасқан.

10. Мемлекеттік қызмет күн сайын сенбі мен жексенбіден басқа күндері көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жүзеге асырылады. Үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін. Алдын ала жазылу және қызметтерді жедел ресімдеу жүргізілмейді.

11. Қызмет Министрліктер үйінің ғимаратында көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау Комитеттің кеңсесінде және пошта арқылы жүзеге асырылады. Пошта мекен-жайы: 010000 Астана қаласы, Оренбург көшесі N 8 үй, Министрліктер үйі, N 1014 кабинет.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Комитет жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын қабылдауды және сақтауды автордың немесе авторлардың өтініші негізінде жүзеге асырады. Егер шығарма туынды болса, пайдаланылған шығарма авторының тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет.

Құжаттарды сенім білдірілген тұлға арқылы тапсыру кезінде: автордың заңнамада белгіленген тәртіппен куәландырылған сенімхаты;

сенім білдірілген өкілдің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі ұ с ы н ы л а д ы .

Сақтауға ұсынылатын құжаттар нөмірленуі, тігілуі және автордың қолымен бекітілуі қажет.

13. Өтініш еркін нысанда беріледі.

14. Құжаттар қабылдауды Комитет кеңсесінің қызметкері жүзеге асырады.

15. Растайтын құжаттарды өтініш иесіне беру көзделмеген.

16. Дайын құжаттар пошта арқылы жіберіледі.

17. Жарияланбаған туындылардың қолжазбаларын қабылдауды және сақтауды тоқтата тұру көзделмеген.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Уәкілетті органдардың жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

2) қызметтік парызды орындау барысында заңдылықты сақтау;

3) с ы п а й ы л ы қ ;

4) толымды және толық ақпарат беру;

5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа көрсеткіштерінің мақсаты мен қолжетімділігін, Комитет арнайы құратын жұмыс тобы жыл сайын бекітеді.

### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Шағымдану тәртібі туралы қосымша ақпаратты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің туындыларға құқықты тіркеу, аумақтық органдармен өзара іс-қимыл бөлімнің бастығынан алуға болады.

22. Қажет болған жағдайда уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне ( әрекетсіздігіне) Зияткерлік меншік құқығы комитетінің басшылығына ш а ғ ы м д а н у ғ а б о л а д ы .

Егер тұтынушы қабылданған шараларға қанағаттанбаса немесе мәселе жоғары сатыда қарауды талап етсе, тұтынушы шағымды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жазбаша жібере алады.

23. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетіне келіп түскен шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады. Шағымның қаралу барысы туралы ақпаратқа жауапты Зияткерлік меншік құқығы комитетінің кеңсесінен не 74-07-54 телефонына хабарласып алуға болады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдауға, тіркеуге, есепке алуға және қарауға жатады.

Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

## 6. Байланыс ақпараты

24. Басшылардың жұмыс мен қабылдау кестесі Әділет министрлігінің жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсететін Комитет басшылары мен орындаушылардың байланыс деректері осы стандарттың 2-қосымшасында келтірілген.

Ж а р и я л а н б а ғ а н т у ы н д ы л а р д ы ң  
қ о л ж а з б а л а р ы н с а қ т а у ,  
қ о л ж а з б а л а р ы н с а қ т а у ғ а  
т а п с ы р у т у р а л ы а н ы қ т а м а б е р у  
б о й ы н ш а м е м л е к е т т і к қ ы з м е т  
көрсету стандартына 1-қосымша

## Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіш-тің нормативтік мәні	Көрсеткіш-тің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіш-тің есептік жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. Уақытылығы</b>			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап мерзімде қызмет көрсетуді ұсыну оқиғалары % (үлесі)	95%	80%	
1.2. қызмет алу үшін кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	90%	
<b>2. Сапа</b>			

2.1. қызмет көрсетулерді ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың үлесі)	90%	70%	
2.2. құжаттар дұрыс ресімделген жағдайлары (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	95%	85%	
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. қызмет көрсетулерді ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	80%	60%	
3.2. тұтынушылар құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80%	45%	
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызмет көрсетулердің, ақпараттардың % (үлесі)	50%	40%	
<b>4. Шағымдану процесі</b>			
4.1. қызмет көрсетудің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санымен негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,3%	
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізді шағымдардың % (үлесі)	85%	75%	
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібімен қанағаттандырылған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	60%	
4.4. шағымдану мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	60%	
<b>5. Сыпайылық</b>			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	90%	70%	

Жарияланбаған туындылардың қол жазбаларын сақтау, қол жазбаларын сақтауға тапсыру туралы анықтама беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің байланыс ақпараттары деректері**

р/с N	Жауапты тұлға	Кабинет нөмері	Байланыс телефондары	Қабылдау уақыты
1	Комитет төрағасы	1013	(7172) 74-07-50	С ә р с е н б і 16.00-ден 18.00-ге дейін; б е й с е н б і 10.00-ден 12.00-ге дейін
2	Жетекшілік ететін Комитет төрағасы- ның орынбасары	1011	(7172) 74-07-49	с е й с е н б і 10.00-ден 12.00-ге дейін
3	Жетекшілік ететін Комитеттің б а с қ а р - ма бастығы	1009	(7172) 74-07-52	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.
4	Туындыларға құқық- ты тіркеу, аумақ- тық әділет орган- дармен өзара іс- қимыл бөлімінің бастығы	1014	(7172) 74-07-73	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.
5	Туындыларға құқық- ты тіркеу, аумақ- тық әділет орган- дармен өзара іс- қимыл бөлімінің маманы	945	(7172) 74-07-53	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.
6	Кеңсе	1015	(7172) 74-07-54	сенбі және жексен- біні қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге д е й і н Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 7 қ а р а ш а д а ғ ы  
N 3 1 9 б ұ й р ы ғ ы н а  
8-қосымша

**Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу, діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу туралы құжаттарды ресімдеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарты 1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік тіркеу субъектілерге заңды тұлға мәртебесін беру тәсілі болып табылады. Субъектілердің заңды тұлға құқығын иеленуінің ресми айғағы заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне заңды тұлға туралы деректерді енгізу және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН) берілген мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі болып табылады.

Тіркеу барысында заңды тұлғаны құрудың, филиалды немесе өкілдікті ашудың мақсатқа сай екендігі назарға алынбайды, оның өндірістік-шаруашылық және қаржылық қызметін бақылау және оған араласу мақсаты көзделмейді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 42-бабы, "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, нормативтік құқықтық кесімдерді тіркеу тізілімінде N 4625 болып тіркелген " Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 112 бұйрығының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитеті (бұдан әрі - Комитет), (облыстардағы, қалалардағы) аумақтық әділет органдары (бұдан әрі - уәкілетті органдар) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орын: Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Министрліктер үйінің ғимараты, А блогы және аумақтық әділет органдарының ғимараты.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (БСН), салық төлеушінің куәлігі (СТН), статистикалық карточка (ОҚЖК коды) болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының аумағында құрылатын барлық діни бірлестіктер мемлекеттік тіркелуге тиіс.

7. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттары қоса тіркеліп, өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.



8. Қызмет ақылы, "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 желтоқсандағы N 1660 қаулысына сәйкес заңды тұлғаларды құру мен олардың қызметін тоқтатуды мемлекеттік (есептік) тіркеу кезінде діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкалары 7600 теңгені құрайды. Қараныз K080000099

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Интернет сайтында ([www.minjust.kz](http://www.minjust.kz)) орналасқан

10. Мемлекеттік қызмет күн сайын, сенбі мен жексенбіден басқа күндері көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жүзеге асырылады. Үзіліс сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін. Алдын ала жазылу және қызметтерді жедел ресімдеу жүргізілмейді.

11. Қызмет Министрліктер үйінің ғимаратында, Комитетте және аумақтық әділет органдарында көрсетіледі.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу үшін Комитетке тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша өтініш. Өтінішке құрылтайшы немесе құрылтайшы уәкілдік берген адам қол қояды.

Мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған құрылтай құжаттары байланған және нөмірленген түрінде, үш данада тапсырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен куәландырылады.

Заңды тұлғаның құрылтайшысы басқа заңды тұлға болып табылған жағдайда тіркеуші органға құрылтай құжаттарымен және басқа құжаттармен бірге құрылтайшыда-заңды тұлғада салық берешегінің жоқ екендігі туралы салық органының анықтамасы табыс етіледі.

Шетел қатысатын заңды тұлғаларды тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, қосымша:

құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын сауда тізілімінен заңды көшірмесі немесе басқа заңды құжаты, нотариалдық куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге;

құрылтайшының - шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын паспорттың көшірмесі немесе басқа да құжат мемлекеттік және орыс тілдеріне

нотариалдық жолмен куәландырылған аудармасымен қоса табыс етілуге тиіс.

Сонымен бір мезгілде тіркеуші органға заңды тұлғаның орналасқан жерін куәландыратын құжат, сондай-ақ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын түбіртек немесе құжат табыс етіледі.

Сонымен бір мезгілде тіркеуші органға заңды тұлғаның орналасқан жерін куәландыратын құжат табыс етіледі. Заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжаттары: жалдау, сатып алу-сату шарттарының нотариалдық куәландырылған көшірмесі, үй-жайға құқығының тіркелгені туралы куәлігі және азаматтық заңдарда көзделген өзге де құжаты болуы мүмкін. Егер үй-жайдың иесі жеке тұлға болған жағдайда, онда жеке тұлғаның үй-жайды заңды тұлғаның орналасқан жері ретінде бергені туралы нотариалдық куәландырылған келісімі т а б ы с е т і л е д і .

Республика шеңберінен тыс басқарушы орталығы бар діни бірлестіктер қ о с ы м ш а :

қазақ немесе орыс тіліне аударылған, нотариалды куәландырылған шетел орталығының жарғысының көшірмесі;

діни орталық өз елінің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын растайтын қазақ немесе орыс тіліне аударылған, нотариалды куәландырылған тізілім көшірмесі немесе басқа құжат ұсынады.

Діни басқармалар (орталықтар) негізін салған діни оқу мекемелерінің, мешіттерінің, монастрлердің және басқа да діни бірлестіктердің жарғыларын (ережелерін) осы діни басқармалар (орталықтар) бекітеді. Тіркеу үшін діни басқарманың (орталықтың) уәкілетті органының оларды құру туралы шешімі ұсынылады.

13. Бланкілерді Комитеттің қабылдау бөлмесінен және аумақтық әділет органдарынан алуға болады.

14. Құжаттарды қабылдау Комитеттің кеңсесінде жүзеге асырылады.

15. Құжаттар қабылданғаннан кейін өтініштің көшірмесіне құжаттардың қабылданғаны туралы белгі қойылады.

16. Дайын құжаттарды беру жеке өзі бару арқылы жүзеге асырылады.

17. Заңды тұлғаны құрудың және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртібін бұзу, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеуі, сондай-ақ табыстау актісін немесе бөлу балансын, ұсынбау не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартуға ә к е п с о ғ а д ы .

Тіркеуден бас тартқан немесе тіркеу мерзімін үзген жағдайларда тіркеуші

орган нақты заңның (оның нақты бабының) бұзылғанына сілтемесі бар бұйрық шығарады. Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартылған жағдайда өтініш, заңдарға қайшылығы бар құжаттар қайтарылмайды.

Құжаттар пакеті толық ұсынылмаған, оларды қарау барысында анықталған кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысы қажет болған жағдайларда, сондай-ақ заң актілерінде көзделген басқа да негіздемелер бойынша мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу мерзімі үзіледі.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Уәкілетті органдардың жұмысы келесі принциптермен негізделеді:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік парызы орындау барысында заңдылықты сақтау;
- 3) с ы п а й ы л ы қ ;
- 4) толымды және толық ақпарат беру;
- 5) ақпараттың құпиялылығын сақтау және қорғау.

### **4. Жұмыс нәтижелері**

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Комитеттің және аумақтық әділет органдарының жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа көрсеткіштерінің мақсаты мен қолжетімділігін, Комитет арнайы құрған жұмыс тобы жыл сайын бекітіледі.

### **5. Шағымдану тәртібі**

21. Қажет болған жағдайда уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) Комитеттің басшылығына шағымдануға болады.

Егер тұтынушы қабылданған шараларға қанағаттанбаса немесе мәселе жоғары сатыда қарауды талап етсе, тұтынушы шағымды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жазбаша жібере алады.

22. Шағым пошта арқылы не қолға беру арқылы Комитеттің кеңсесі, әділет органдары арқылы жұмыс күндері жазбаша түрде немесе электронды поштамен қабылданады.

23. Тікелей жазбаша өтініш жасаған жеке тұлғаға немесе заңды тұлға өкіліне өтініштің (шағымның) екінші данасы тіркеу күні және уақыты, өтініш

қабылдаған адамның тегі және аты-жөні көрсетіліп, қайтарылады.

Комитетке келіп түскен шағымдарды қарау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады. Берілген шағымға жауапты не шағымды қарау барысы туралы Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер үйі N 627 мекен-жайы бойынша Комитеттің кеңсесінен алуға болады.

## 6. Байланыс ақпараты

24. Басшылардың жұмыс мен қабылдау кестесі Әділет министрлігінің жұмыс кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсететін Комитет басшылары мен орындаушылардың байланыс деректері осы стандарттың 2-қосымшасында келтірілген.

Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу, діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу туралы құжаттарды ресімдеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1-қосымша

## Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. Уақытылығы</b>			
